

"Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына бекітіп берілетін мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қантардағы № 107 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 241 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2018 жылғы 12 маусымда № 17037 болып тіркелді

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 5) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына бекітіп берілетін мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қантардағы № 107 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13263 болып тіркелген, "Әділет" нормативті-құқықтық актілер ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылы 11 наурызда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

"Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына бекітілетін мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің тізбесі осы бұйрықта қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің "Электрондық үкіметті" және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді дамыту департаменті (Хатиев А.Н.) белгіленген заңнамалық тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін қағаз және электрондық түрде "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қүнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі

Д. Абаев

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің
2018 жылғы 31 мамырдағы
№ 241 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
аткарушысының
2016 жылғы 28 қаңтарындағы
№ 107 бұйрығымен
бекітілген

"Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына бекітіп берілетін мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының және "электрондық үкіметтің" акпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің тізбесі

1. "Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының
операторына бекітіп берілетін мемлекеттік органдардың интернет-ресурстары:

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
интернет-ресурсы;

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсы;

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің
интернет-ресурсы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің интернет-ресурсы;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің интернет-ресурсы;

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының интернет-ресурсы;

Қызылорда облысы әкімдігінің интернет-ресурсы;

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурстары (economy.gov.kz, kds.gov.kz, kremzk.gov.kz, kzpp.gov.kz);

Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсы;

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының интернет-ресурсы;

Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің интернет-ресурсы;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсы;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсы;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің интернет-ресурсы;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің аэроғарыш комитетінің интернет-ресурсы;

Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсы.

2. "Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына бекітіп берілетін "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілері:

1) ақпараттық жүйелер:

"электрондық үкіметтің" веб-порталы;

"электрондық үкіметтің" шлюзі;

"Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;

"Занды тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;

"Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;

"Электрондық үкіметтің" төлем шлюзі" ақпараттық жүйесі;

"Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесі;

"Жылжымайтын мұлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;

"Халыққа қызмет көрсету орталықтарының ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі" ақпараттық жүйесі;

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдардың интранет-порталы" ақпараттық жүйесі;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының электрондық құжат айналымының бірынғай жүйесі;

кедендейк автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;

тәуекелдерді селективті бақылау және басқару;

сыртқы сауда кеден статистикасының деректеріне қолжетімділікті статистикалау, талдау және үйимдастыру;

голографиялық қорғау элементі бар есептік-бақылау маркасын пайдалана отырып, алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын бақылау;

акциздік өнімдердің және мұнай өнімдері жеке түрлерінің өндірілуі мен айналымын бақылау (Акциз);

интеграциялық деректер қоймасы;

"Web-декларант" электрондық декларациялау кешені;

қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі;

"АХАЖ" ақпараттық жүйесі;

"Жылжитын мұлік тізілімі" ақпараттық жүйесі;

"Ұлттық зияткерлік меншік институты" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;

"e-learning" электрондық оқыту ақпараттық жүйесі;

"Салық төлеуші кабинетінің Web-қосымшасы" ақпараттық жүйесі;

"Салық есептілігін өндөу жүйесі" ақпараттық жүйесі;

"Салықтық әкімшілендірудің ақпараттық жүйелерін интеграциялаудың өнеркәсіптік платформасы" ақпараттық жүйесі;

"Ұқапалдастырылған салықтық ақпараттық жүйесі" ақпараттық жүйесі;

"Деректерді бірыңғай сақтау орны" ақпараттық жүйесі;

"Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шот" ақпараттық жүйесі;

"КР Қаржымині МКК Web-порталы" ақпараттық жүйесі;

"Салық төлеушілерінің және салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімі" ақпараттық жүйесі;

"Электрондық шот фактуралары" ақпараттық жүйесі;

"Жедел басқару орталығы" ақпараттық жүйесі;

"Интеграцияланған кедендейтік тариф" ақпараттық жүйесі;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің МобиЛЬДі офисі" ақпараттық жүйесі;

"Қазақстан Республикасының электрондық нысандағы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі" ақпараттық жүйесі.

2) аппаратты-бағдарламалық кешендер:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аппаратты-бағдарламалық кешені.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК